**Қазақстан Республикасының бұқаралық ақпарат құралдары туралы заңнамасының сақталуына тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттарын және тексеру парағын бекіту туралы**

Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрінің 2018 жылғы 9 карашадағы № 473 және Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2018 жылғы 15 қарашадағы № 69 бірлескен бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2018 жылғы 26 қарашада № 17787 болып тіркелді.

РҚАО-ның ескертпесі!

Осы бірлескен бұйрықтың қолданысқа енгізілу тәртібін 4 т. қараңыз

Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік кодексінің 141-бабының 5 және 6-тармақтарына, 143-бабының 1-тармағына сәйкес **БҰЙЫРАМЫЗ**:

Ескерту. Кіріспе жаңа редакцияда - ҚР Ақпарат және қоғамдық даму министрінің 30.11.2022 № 529 және ҚР Ұлттық экономика министрінің 01.12.2022 № 112 ( 01.01.2023 бастап қолданысқа енгізіледі) бірлескен бұйрығымен.

1. Мыналар:

1) осы бірлескен бұйрыққа 1-қосымшаға сәйкес Қазақстан Республикасының бұқаралық ақпарат құралдары туралы заңнамасының сақталуына тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттары (бұдан әрі – Өлшемшарттар);

2) осы бірлескен бұйрыққа 2-қосымшаға сәйкес мерзімді баспасөз басылымдарына қатысты Қазақстан Республикасының бұқаралық ақпарат құралдары туралы заңнамасының сақталуын тексеру парағы (бұдан әрі – тексеру парағы);

3) осы бірлескен бұйрыққа 3-қосымшаға сәйкес ақпараттық агенттіктерге, желілік басылымдарға және интернет-ресурстарға қатысты Қазақстан Республикасының бұқаралық ақпарат құралдары туралы заңнамасының сақталуын тексеру парағы бекітілсін.

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ақпарат және қоғамдық даму министрінің 30.11.2022 № 529 және ҚР Ұлттық экономика министрінің 01.12.2022 № 112 ( 01.01.2023 бастап қолданысқа енгізіледі) бірлескен бұйрығымен.

2. Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігінің Ақпарат комитеті:

1) осы бірлескен бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бірлескен бұйрық мемлекеттік тіркелген күннен бастап күнтізбелік он күн ішінде оны ресми жариялау және Қазақстан Республикасы Нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне енгізу үшін Қазақстан Республикасы Әділет

министрлігінің "Республикалық құқықтық ақпарат орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жіберуді;

3) осы бірлескен бұйрықты Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігінің ресми интернет-ресурсында орналастыруды;

4) осы бірлескен бұйрық мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде осы тармақтың 1), 2) және 3) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігінің Заң департаментіне ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы бірлескен бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Ақпарат және коммуникациялар вице-министріне жүктелсін.

4. 2019 жылғы 11 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілетін Өлшемшарттарға 1-қосымшаның реттік нөмірі 4-жолын, 4-қосымшаның реттік нөмірі 4-жолын және осы бірлескен бұйрыққа 2-қосымшаның реттік нөмірі 4-жолын, баспа басылымдарына қатысты Қазақстан Республикасының бұқаралық ақпарат құралдары туралы заңнамасының сақталуына тексеру парағының реттік нөмірі 4-жолын қоспағанда, осы бірлескен бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

| | |
|---|---|
| *Қазақстан Республикасының* | *Қазақстан Республикасының* |
| *Ақпарат және коммуникациялар министрі* | *Ұлттық экономика Министрі* |
| ______________*Д. Абаев* | _____________*Т. Сүлейменов* |

КЕЛІСІЛДІ
Қазақстан Республикасы
Бас прокуратурасының
Құқықтық статистика және
арнайы есепке алу жөніндегі
комитеті

Қазақстан Республикасы
Ақпарат және коммуникациялар
министрінің 2018 жылғы
9 қарашадағы № 473 және
Қазақстан Республикасы Ұлттық
экономика министрінің
2018 жылғы 15 қарашадағы
№ 69 бірлескен бұйрығы
1-қосымша

**Қазақстан Республикасының бұқаралық ақпарат құралдары туралы заңнамасының сақталуына тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттары**

Ескерту. 1-қосымша жаңа редакцияда - ҚР Ақпарат және қоғамдық даму министрінің 17.05.2023 № 199-НҚ және ҚР Ұлттық экономика министрінің м.а.

18.05.2023 № 74 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бірлескен бұйрығымен.

**1-тарау. Жалпы ережелер**

1. Осы Қазақстан Республикасының бұқаралық ақпарат құралдары туралы заңнамасының сақталуына тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттары (бұдан әрі – Өлшемшарттары) Қазақстан Республикасы Кәсіпкерлік кодексінің (бұдан әрі – Кодекс) 141-бабының 5 және 6 тармақтарына, 143-бабының 1-тармағына сәйкес, Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің міндетін атқарушының 2018 жылғы 31 шілдедегі № 3 "Тексеру парағының нысанын бекіту туралы" бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 17371 болып тіркелген) және реттеуші мемлекеттік органдардың тәуекелдерді бағалау және басқару жүйесін қалыптастыру қағидаларын Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің міндетін атқарушының 2022 жылғы 22 маусымдағы № 48 (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 28577 болып тіркелген) бұйрықтарымен әзірленді.

2. Осы Өлшемшарттарда мынадай ұғымдар пайдаланылады:

1) бұқаралық ақпарат құралдары саласындағы бақылау субъектілері (объектілері) - мерзімді баспа басылымдары, ақпараттық агенттіктер және желілік басылымдар, интернет-ресурстар;

2) болмашы бұзушылық - бұқаралық ақпарат құралдары саласындағы нормативтік құқықтық актілерде белгіленген, оларды сақтамау халықтың өміріне және денсаулығына қауіп төндіру алғышарттарын тудырмайтын, бірақ өз қызметін жүзеге асыру кезінде бақылау субъектілері (объектілері) үшін міндетті болып табылатын бір расталған өтініш пен шағымның болуы;

3) елеулі бұзушылық - бұқаралық ақпарат құралдары саласындағы нормативтік құқықтық актілерде белгіленген, адамның өмірі мен денсаулығына, жеке және заңды тұлғалардың, мемлекеттің заңды мүдделеріне туындаған қауіптің алғышарттарын жасайтын талаптардың бұзылуы, сондай-ақ бақылау субъектісіне (объектісіне) қатысты екі расталған шағым мен өтініштің болуы;

4) өрескел бұзышылық - бұқаралық ақпарат құралдары саласындағы нормативтік құқықтық актілерде белгіленген, Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынған норманың сақталмауына байланысты талаптардың бұзылуы (тыйым салынады, жол берілмейді, рұқсат берілмейді), сондай-ақ адамның өмірі мен денсаулығына, жеке және заңды тұлғалардың, мемлекеттің заңды мүдделеріне қатер төндіруге алып келетін талаптардың бұзылуы, бақылау субъектісіне (объектісіне) қатысты үш және одан да астам расталған шағымның немесе мен өтініштің болуы;

5) тәуекел - бақылау субъектісінің (объектісінің) қызметі нәтижесінде салдарының ауырлық дәрежесі ескеріліп, адамның өміріне немесе денсаулығына, жеке және заңды

тұлғалардың заңды мүдделеріне, мемлекеттің мүліктік мүдделеріне зиян келтіру ықтималдығы;

6) тәуекелдерді бағалау және басқару жүйесі – тиісті қызмет салаларында тәуекелдің жол берілетін деңгейін қамтамасыз ете отырып, кәсіпкерлік еркіндігін шектеудің ең төменгі ықтимал дәрежесі мақсатында бақылау субъектісіне бару арқылы профилактикалық бақылауды тексерулерді кейіннен жүзеге асыру үшін бақылау субъектілерін тәуекел дәрежелері бойынша бөлу арқылы қолайсыз факторлардың туындау ықтималдығын азайтуға бағытталған, сондай-ақ нақты бақылау субъектісі ( объектісі) үшін тәуекел деңгейін өзгертуге бағытталған басқарушылық шешімдерді қабылдау және (немесе) осындай бақылау субъектісін (объектісін) бақылау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылаудан босату процесі;

7) тәуекел дәрежесін бағалаудың объективті өлшемшарттары (бұдан әрі - объективті өлшемшарттар) - тәуекел дәрежесіне байланысты бақылау субъектілері ( объектілері) Қазақстан Республикасының бұқаралық ақпарат құралдары туралы заңнамасының сақталуына байланысты іріктеу үшін пайдаланылатын тәуекелдер дәрежесін бағалау өлшемшарттары;

8) тәуекел дәрежесін бағалаудың субъективті өлшемшарттары (бұдан әрі - субъективті өлшемшарттар) - нақты бақылау субъектісінің (объектісінің) қызмет нәтижелеріне байланысты бақылау субъектілері (объектілері) іріктеу үшін пайдаланылатын тәуекелдер дәрежесін бағалау өлшемшарттары;

9) тексеру парағы - бақылау субъектілерінің (объектілерінің) қызметіне қойылатын, олардың сақталмауы адамның өмірі мен денсаулығына, жеке және заңды тұлғалардың, мемлекеттің заңды мүдделеріне қатер төндіруге алып келетін талаптарды қамтитын талаптар тізбесі;

10) балл – тәуекелді есептеудің сандық өлшемі;

11) деректерді қалыпқа келтіру – әртүрлі шәкілдерде өлшенген мәндерді шартты түрде жалпы шәкілге келтіруді көздейтін статистикалық рәсім;

12) тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттары – бақылау субъектісінің тікелей қызметімен, салалық даму ерекшеліктерімен және осы дамуға әсер ететін факторлармен байланысты, бақылау субъектілерін (объектілерін) тәуекелдің әртүрлі дәрежелеріне жатқызуға мүмкіндік беретін сандық және сапалық көрсеткіштердің жиынтығы;

13) іріктеме жиынтық (іріктеме) – Кодекстің 143-бабының 2-тармағына сәйкес мемлекеттік бақылаудың нақты саласында бақылау субъектілерінің (объектілерінің) біртекті тобына жатқызылатын бағаланатын субъектілердің (объектілердің) тізбесі.

3. Бақылау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылауды жүзеге асыру кезінде тәуекелдерді басқару кезеңмен жүзеге асырылатын объективті және субъективті өлшемшарттарды айқындау (Шешімдерді мультиөлшемшартты талдау) арқылы қалыптастырылады.

Бірінші кезеңде объективті өлшемшарттар жөніндегі бақылау субъектілерін (объектілерін) мынадай тәуекел дәрежелерінің біріне (бұдан әрі – тәуекел дәрежелері) жатқызады:

1) жоғары тәуекел;

2) орташа тәуекел;

3) төмен тәуекел.

Тәуекелдің жоғары және орташа дәрежелеріне жатқызылған бақылау субъектілерінің (объектілерінің) қызметі салаларында бақылау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылау, бақылау субъектісіне (объектісіне) бармай профилактикалық бақылау және жоспардан тыс тексеру жүргізіледі.

Тәуекелдің төмен дәрежесіне жатқызылған бақылау субъектілерінің (объектілерінің) қызметі салаларында бақылау субъектісіне (объектісіне) бармай профилактикалық бақылау және жоспардан тыс тексеру жүргізіледі.

Екінші кезеңде субъективті өлшемшарттар жөніндегі мемлекеттік органдар бақылау субъектілерін (объектілерін) мынадай тәуекел дәрежелерінің біріне жатқызады:

1) жоғары тәуекел;

2) орташа тәуекел;

3) төмен тәуекел.

Тәуекел дәрежесінің көрсеткіштері бойынша бақылау субъектісі (объектісі) мыналарға:

1) тәуекел дәрежесінің көрсеткіші 71-ден 100-ді қоса алғанға дейін болған кезде – тәуекелдің жоғары дәрежесіне;

2) тәуекел дәрежесінің көрсеткіші 31-ден 70-ті қоса алғанға дейін болған кезде – тәуекелдің орташа дәрежесіне;

3) тәуекел дәрежесінің көрсеткіші 0-ден 30-ты қоса алғанға дейін болған кезде – тәуекелдің төмен дәрежесіне жатқызылады.

4. Бақылау субъектілерінің (объектілерінің) профилактикалық бақылау жүргізу үшін тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттары объективті және субъективті өлшемшарттарды айқындау арқылы қалыптастырылады.

**2-тарау. Объективті өлшемшарттар**

5. Объективті өлшемшарттарды айқындау тәуекелді айқындау арқылы жүзеге асырылады.

6. Тәуекелді айқындау мынадай өлшемшарттардың бірін ескере отырып, мемлекеттік бақылау жүзеге асырылатын саланың ерекшелігіне қарай жүзеге асырылады:

1) объектінің қауіптілік (күрделілік) деңгейі;

2) бұқаралық ақпарат құралдары саласындағы ықтимал теріс салдарлар ауырлығының ауқымы;

3) адамның өмірі немесе денсаулығы, қоршаған орта, жеке және заңды тұлғалардың , мемлекеттің заңды мүдделері үшін қолайсыз оқиғаның туындау мүмкіндігі.

Барлық ықтимал тәуекелдерге талдау жүргізгеннен кейін бақылау субъектілері ( объектілері) тәуекелдің үш дәрежесі (жоғары, орта және төмен) бойынша бөлінеді.

7. Қазақстан Республикасының бұқаралық ақпарат құралдары тарату туралы заңнамасының сақталуына тәуекелді айқындау бақылау субъектінің (объектінің) қызметі нәтижесінде адамның өміріне немесе денсаулығына, жеке және заңды тұлғалардың заңды мүдделеріне, мемлекеттің мүліктік мүдделеріне бақылау субъектілердің (объектілердің) заңдарда тыйым салынбаған кез келген тәсілдермен еркін ақпарат алу және тарату құқықтарына, сөз бен шығармашылық бостандығына, жеке басының, қоғам мен мемлекеттің ақпараттық қауіпсіздігіне конституциялық кепілдіктерді қамтамасыз етпеумен байланысты қызметімен зиян келтіру ықтималдығына қарай жүзеге асырылады.

Объективті өлшемшарттар бойынша тәуекелдің жоғары дәрежесіне мерзімді баспа басылымдарының иелері, тәуекелдің орташа дәрежесіне ақпараттық агенттіктердің, желілік басылымдардың иелері, тәуекелдің төмен дәрежесіне интернет-ресурстардың иелері жатады.

**3-тарау. Субъективті өлшемшарттар**

8. Субъективті өлшемшарттарды айқындау мынадай кезеңдерді қолдана отырып жүзеге асырылады:

1) деректер базасын қалыптастыру және ақпарат жинау;

2) ақпаратты талдау және тәуекелдерді бағалау.

9. Деректер базасын қалыптастыру және ақпарат жинау Қазақстан Республикасының бұқаралық ақпарат құралдары саласындағы заңнамасын бұзатын бақылау субъектілерін (объектілерін) анықтау үшін қажет.

Субъективті өлшемшарттар бойынша тәуекелдер дәрежесін бағалау үшін мынадай ақпарат көзі:

1) бақылау субъектілеріне (объектілеріне) барумен алдыңғы жоспардан тыс тексерулер мен профилактикалық бақылаудың нәтижелері пайдаланылады.

10. Қолда бар ақпарат көздерінің негізінде бұқаралық ақпарат құралдары саласындағы уәкілетті орган бағалауға жататын субъективті өлшемшарттарды қалыптастырады.

Субъективті өлшемшарттарды талдау және бағалау ең жоғары әлеуетті тәуекелі бар бақылау субъектісіне (объектісіне) қатысты бақылау субъектісіне (объектісіне) талаптарға сәйкестігіне тексеру жүргізуді және профилактикалық бақылауды шоғырландыруға мүмкіндік береді.

Бұл ретте талдау және бағалау кезінде нақты бақылау субъектісіне (объектісіне) қатысты бұрын ескерілген және пайдаланылған субъективті өлшемшарттардың

деректері не Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес талап қою мерзімі өткен деректер қолданылмайды.

Алдыңғы жүргізілген бару арқылы профилактикалық бақылаудың және (немесе) талаптарға сәйкестігін тексерудің қорытындылары бойынша берілген бұзушылықтарды толық көлемде жойған бақылау субъектілеріне қатысты оларды мемлекеттік бақылаудың кезекті кезеңіне тізімдерді қалыптастыру кезінде енгізуге жол берілмейді.

11. Ықтимал тәуекел мен проблеманың маңыздылығына, бұзушылықтың біржолғы немесе жүйелі сипатына, әрбір ақпарат көзі бойынша бұрын қабылданған шешімдерді талдауға байланысты бақылау субъектілерінің (объектілерінің) қызметіне қойылатын талаптар өрескел, елеулі және болмашы бұзушылық дәрежелеріне сәйкес келеді.

Бұл ретте өрескел, елеулі және болмашы бұзушылықтарды айқындау бұқаралық ақпарат құралдары саласындағы саланың ерекшелігін ескере отырып бұқаралық ақпарат құралдары саласындағы уәкілетті органның тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттарында белгіленеді.

Субъективті өлшемшарттарды қалыптастыру кезінде бұзушылық дәрежесі (өрескел, елеулі, болмашы) өрескел, елеулі, болмашы бұзушылықтардың белгіленген анықтамаларына сәйкес беріледі.

12. Осы Өлшемшарттардың 4-тарауына сәйкес қолданылатын ақпарат көздерінің басымдығын айқындалған субъективті өлшемшарттар бойынша тәуекел дәрежесінің көрсеткішін есептеу тәртібіне сәйкес субъективті өлшемшарттар көрсеткішінің маңыздылығын негізге ала отырып, субъективті өлшемшарттар бойынша тәуекел дәрежесінің көрсеткіші 0-ден 100-ге дейінгі шәкіл бойынша есептеледі.

13. Тәуекелдерді бағалау және басқару жүйесі бақылау субъектілерін (объектілерін) тәуекелдің нақты дәрежелеріне жатқызатын және бақылау іс-шараларын жүргізу тізімдерін қалыптастыратын ақпараттық жүйелерді пайдалана отырып жүргізіледі.

Тәуекелдерді бағалау мен басқарудың ақпараттық жүйесі болмаған кезде оларға қатысты бақылау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылау жүзеге асырылатын бақылау субъектілері (объектілері) санының ең аз жол берілетін шегі мемлекеттік бақылаудың белгілі бір саласындағы осындай бақылау субъектілерінің жалпы санының бес пайызынан аспауға тиіс.

Мерзімді баспасөз басылымдары, ақпараттық агенттіктер, желілік басылымдар және интернет-ресурстар меншік иелерінің қызметіне қатысты бұқаралық ақпарат құралдары саласындағы субъектілерге қойылатын талаптардың бұзылу дәрежесі осы Өлшемшарттарға 1 және 2-қосымшаларда келтірілген.

14. Бақылау субъектілері (объектілері), бұқаралық ақпарат құралдары саласында жоғары тәуекел дәрежесінен орташа тәуекел дәрежесіне немесе орташа тәуекел дәрежесінен төмен тәуекел дәрежесіне мынадай жағдайларда ақпараттық жүйені қолдана отырып ауыстырылады:

1) егер Қазақстан Республикасының заңдарында және реттеуші мемлекеттік органдардың тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттарында бақылау субъектісін ( объектісін) бару арқылы профилактикалық бақылаудан босату жағдайлары айқындалған болса.

15. Бақылау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылаудан босату мақсатында реттеуші мемлекеттік органдар, сондай-ақ мемлекеттік органдар жеңілдететін индикаторларды ескереді.

Жеңілдететін индикаторларға:

1) деректерді онлайн-режимде беретін аудио және (немесе) бейне жазбалардың болуы.

Бұл ретте бақылау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылаудан және (немесе) талаптарға сәйкестігіне тексеру жүргізуден босатуды реттеуші мемлекеттік органдар, сондай-ақ мемлекеттік органдар олар бойынша деректер жеңілдететін индикаторларда көрсетілген тәсілдермен алынған талаптар бөлігінде жүзеге асырады.

## 4-тарау. Субъективті өлшемшарттар бойынша тәуекел дәрежесінің жалпы көрсеткішін есептеу тәртібі

16. Бақылау субъектісін тәуекел дәрежесіне жатқызу үшін тәуекел дәрежесінің көрсеткішін есептеудің мынадай тәртібі қолданылады.

Субъективті өлшемшарттар бойынша тәуекел дәрежесінің көрсеткішін (R) есептеу алдыңғы тексерулер мен бақылау (SP) субъектілеріне (объектілеріне) бару арқылы профилактикалық бақылау нәтижелері бойынша осы Өлшемшарттардың (SC) субъективті өлшемшарттарға сәйкес бұзушылықтар бойынша тәуекел дәрежесінің көрсеткішін қорытындылау жолымен, деректер мәндерін 0-ден 100 баллға дейінгі диапозонға қалыпқа келтіре отырып, автоматтандырылған режимде жүзеге асырылады.

Rарал = SP + SC, мұнда

Rарал – субъективті өлшемшарттар бойынша тәуекел дәрежесінің аралық көрсеткіші,

SP – бұзушылықтар бойынша тәуекел дәрежесінің көрсеткіші,

SC – осы Өлшемшартардың 12-тармағына сәйкес айқындалған субъективті өлшемшарттар бойынша тәуекел дәрежесінің көрсеткіші.

Есеп мемлекеттік бақылаудың әрбір саласының бақылау субъектілерінің ( объектілерінің) біртекті тобының әрбір бақылау субъектісі (объектісі) бойынша жүргізіледі. Бұл ретте мемлекеттік бақылаудың бір саласының бақылау субъектілерінің (объектілерінің) біртекті тобына жатқызылатын, бағаланатын бақылау субъектілерінің ( объектілерінің) тізбесі деректерді кейіннен қалыпқа келтіру үшін іріктеу жиынтығын ( іріктемені) құрайды.

17. Алдыңғы тексерулер мен бақылау субъектілеріне (объектілеріне) бару арқылы профилактикалық бақылау нәтижелері бойынша алынған деректер бойынша 0-ден 100-ге дейінгі баллмен бағаланатын бұзушылықтар бойынша тәуекел дәрежесінің көрсеткіші қалыптастырылады.

Осы Өлшемшарттардың 9-тармағында көрсетілген ақпарат көздерінің кез келгені бойынша бір өрескел бұзушылық анықталған кезде бақылау субъектісіне 100 балл тәуекел дәрежесінің көрсеткіші теңестіріледі және оған қатысты бақылау субъектісіне ( объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылау жүргізіледі.

Өрескел бұзушылықтар анықталмаған кезде бұзушылықтар бойынша тәуекел дәрежесінің көрсеткіші елеулі және болмашы дәрежедегі бұзушылықтар бойынша жиынтық көрсеткішпен есептеледі.

Елеулі бұзушылықтар көрсеткішін айқындау кезінде 0,7 коэффициенті қолданылады.

Бұл көрсеткіш мына формула бойынша есептеледі:

SPз = (SP2 x 100/SP1) x 0,7, мұнда

SPз – елеулі бұзушылықтардың көрсеткіші;

SP1 – елеулі бұзушылықтардың талап етілетін саны;

SP2 – анықталған елеулі бұзушылықтардың саны.

Болмашы бұзушылықтардың көрсеткішін айқындау кезінде 0,3 коэффициенті қолданылады.

Бұл көрсеткіш мына формула бойынша есептеледі:

SPн = (SP2 x 100/SP1) x 0,3, мұнда

SPн – болмашы бұзушылықтардың көрсеткіші;

SP1 – болмашы бұзушылықтардың талап етілетін саны;

SP2 – анықталған болмашы бұзушылықтардың саны.

Бұзушылықтар бойынша тәуекел дәрежесінің көрсеткіші (SP) 0-ден 100-ге дейінгі шәкіл бойынша есептеледі және мына формула бойынша елеулі және болмашы бұзушылықтардың көрсеткіштерін қосу арқылы айқындалады:

SP = SPз + SPн, мұнда

SP – бұзушылықтар бойынша тәуекел дәрежесінің көрсеткіші;

SPз – елеулі бұзушылықтардың көрсеткіші;

SPн – болмашы бұзушылықтардың көрсеткіші.

Бұзушылықтар бойынша тәуекел дәрежесі көрсеткішінің алынған мәні субъективті өлшемшарттар бойынша тәуекел дәрежесі көрсеткішінің есебіне енгізіледі.

$$SC = \sum_{i=1}^{n} x_i * w_i, \text{ мұнда}$$

18. Осы Өлшемшартардың 12-тармағына сәйкес айқындалған субъективті өлшемшарттар бойынша тәуекел дәрежесінің көрсеткішін есептеу 0-ден 100 балға дейінгі шәкіл бойынша жүргізіледі және мынадай формула бойынша жүзеге асырылады:

xi - субъективті өлшемшарт көрсеткіші,

wi - субъективті өлшем көрсеткішінің үлес салмағы xi,

n – көрсеткіштер саны.

Осы Өлшемшартардың 12-тармағына сәйкес айқындалған субъективті өлшемшарттар бойынша тәуекел дәрежесі көрсеткішінің алынған мәні субъективті өлшемшарттар бойынша тәуекел дәрежесі көрсеткішінің есебіне енгізіледі.

19. R көрсеткіші бойынша субъектілер (объектілер) бойынша есептелген мәндер 0-ден 100 балға дейінгі диапазонға қалыпқа келтіріледі. Деректерді қалыпқа келтіру әрбір іріктемелі жиынтық (іріктеме) бойынша мынадай формула әдісін пайдалана отырып жүзеге асырылады:

$$R = \frac{R_{пром} - R_{min}}{R_{max} - R_{min}},$$

R – бақылау жеке субъектісінің (объектісінің) субъективті өлшемшарттар бойынша тәуекел дәрежесінің көрсеткіші (қорытынды),

Rmax – бір іріктемелі жиынтыққа (іріктемеге) кіретін субъектілер (объектілер) бойынша субъективті өлшемшарттар бойынша тәуекел дәрежесінің шәкілі бойынша ең жоғарғы ықтимал мән (шәкілдің жоғарғы шекарасы),

Rmin – бір іріктемелі жиынтыққа (іріктемеге) кіретін субъектілер (объектілер) бойынша субъективті өлшемшарттар бойынша тәуекел дәрежесінің шәкілі бойынша ең төменгі ықтимал мән (шәкілдің төменгі шекарасы),

Rарал – осы Өлшемшарттардың 16-тармағына сәйкес есептелген субъективті өлшемшарттар бойынша тәуекел дәрежесінің аралық көрсеткіші.

**5-тарау. Қорытынды ережелер**

20. Жоғары және орташа тәуекел дәрежесіне жатқызылған субъектіге (объектіге) бару арқылы профилактикалық бақылау жүргізудің еселігі жылына екі реттен артық болмауы тиіс.

21. Бақылау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылау Кодекстің 144-2-бабының 4-тармағына сәйкес қалыптастырылатын бақылау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылаудың жартыжылдық тізімдері негізінде жүргізіледі.

22. Бақылау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылау жүргізудің тізімдері субъективті өлшемшарттар бойынша тәуекел дәрежесінің

неғұрлым жоғары көрсеткіші бар тексерілетін субъектілердің (объектілердің) басымдығы ескеріле отырып жасалады.

Қазақстан Республикасының
бұқаралық ақпарат құралдары
туралы заңнамасының
сақталуына тәуекел
дәрежесін бағалау
өлшемшарттарына
1-қосымша

## Мерзімді баспасөз басылымдары меншік иелерінің қызметіне қатысты бұқаралық ақпарат құралдары саласындағы субъектілерге қойылатын талаптардың бұзылу дәрежесі

| р/с № | Өлшемшарттар | Бұзушылық дәрежесі |
|---|---|---|
| 1. | Белгіленген шығарылым деректерінсіз мерзімді баспасөз басылымын шығару, ақпараттық агенттіктің немесе желілік басылымның хабарлары мен материалдарын тарату, өз атауын хабарламай, сол сияқты анық емес не көрінеу жалған шығарылым деректерімен шығуы | болмашы |
| 2. | Мерзімді баспасөз басылымдарындағы жарнама бұқаралық ақпарат құралын есепке алу туралы куәлікте бекітілмеген тілде таратылуы | елеулі |
| 3. | Меншік иесі не оның ұйымдық-құқықтық нысаны, атауы, сондай-ақ бұқаралық ақпарат құралының аты ауысқан, басылымның не хабар таратудың тілі, таралу аумағы, негізгі тақырыптық бағыты, шығарылу мерзімділігі өзгерген жағдайларда, қайта есепке қоймай, бұқаралық ақпарат құралының өнімін, ақпараттық агенттіктің және желілік басылымның хабарлары мен материалдарын шығару, дайындау, таралымын көбейту және (немесе) тарату | елеулі |
| 4. | Интернет желісі арқылы таратылатын ақпараттық өнімді қоспағанда, балаларға тыйым салынған ақпаратты қамтитын ақпараттық өнімді кәмелетке толмағандарға тарату. | өрескел |
| | Этил спиртін және алкоголь өнімін, алкогольді сусындарды | |

| | | |
|---|---|---|
| 5. | имитациялайтын өнімді жарнамалау | өрескел |
| 6. | Темекі және темекі бұйымдарын, оның ішінде қыздырылатын темекісі бар бұйымдарды, қорқорға арналған темекіні, қорқор қоспасын, темекі қыздыруға арналған жүйелерді, тұтынудың электрондық жүйелерін және оларға арналған сұйықтықтарды жарнамалау | өрескел |
| 7. | Электрондық казиноны және интернет-казиноны жарнамалау | өрескел |
| 8. | Жұмысқа қабылдау үшін бос жұмыс орындары туралы еңбек саласындағы кемсітушілік сипаттағы талаптарды қамтитын ақпаратты орналастыру | өрескел |
| 9. | Қаржылық (инвестициялық) пирамиданың қызметін жарнамалау | өрескел |
| 10. | Бұқаралық ақпарат құралдарында немесе телекоммуникациялар желілерінде ата-анасы және өзге де заңды өкілдері туралы ақпаратты қоса алғанда, адамның дербес және биометриялық деректерін, соның ішінде құқыққа қарсы әрекеттер (әрекетсіздік) салдарынан зардап шеккен бала, әкімшілік және (немесе) қылмыстық құқық бұзушылықтарды жасады деп күдік келтірілген және (немесе) айып тағылған кәмелетке толмағандар туралы, олардың жеке басын анықтауға мүмкіндік беретін өзге де ақпаратты тарату | өрескел |
| 11. | Есепке қоймай не шығарылуын ( эфирге шығуын) тоқтата тұру, тоқтату немесе есепке қою туралы куәліктің күші жойылды деп тану туралы шешім шығарылғаннан кейін бұқаралық ақпарат құралдарының өнімін, ақпараттық агенттіктің және желілік басылымның хабарлары мен материалдарын тарату | өрескел |
| | Қазақстан Республикасының заңдарында тыйым салынған мәліметтерді қамтитын, интернет-ресурста | |

| | | | |
|---|---|---|---|
| 12. | пайдаланушылар орналастыратын ақпаратты қоса алғанда, оқырман хаттарын бұқаралық ақпарат құралдарында орналастыру ( қатыгездік пен зорлық-зомбылықты, әлеуметтік, нәсілдік, ұлттық, діни, тектік-топтық және рулық басымдықты насихаттау немесе үгіттеу, мемлекеттік құпияларды құрайтын мәліметтерді немесе заңмен қорғалатын өзге де құпияны жария ету, суицидті насихаттайтын, терроризмге қарсы операцияларды жүргізу кезеңінде олардың техникалық тәсілдері мен тактикасын ашатын ақпаратты тарату, есірткі, психотроптық заттарды, сол тектестер мен прекурсорларды насихаттау, порнографиялық және арнайы сексуалдық-эротикалық сипаттағы теле-, радиобағдарламаларды, теле-, радиоарналарды тарату, сондай-ақ кино және бейнеөнімдерін көрсету , бұқаралық ақпарат құралын сайлау алдындағы үгіт жүргізу, шетелдіктердің, азаматтығы жоқ адамдардың, шетелдік заңды тұлғалардың және халықаралық ұйымдардың кандидаттарды, партиялық тізімін ұсынған саяси партияларды ұсынуға және сайлауға, сайлауда белгілі бір нәтижеге қол жеткізуге кедергі болатын және (немесе) ықпал ететін қызметті жүзеге асыру шарттарын бұзу, үгітке тыйым салынған кезеңде оны жүргізу, ереуілге қатысуға немесе қатысудан бас тартуға мәжбүрлеу, Қазақстан Республикасының бейбіт жиналыстарды, митингілерді, шерулерді, пикеттер мен демонстрацияларды ұйымдастыру және өткізу тәртібі туралы, Интернетте авторлық құқық және сабақтас құқықтар туралы заңнамасын бұзу мақсатында пайдалану) | өрескел | |
| | Мемлекеттік, жергілікті атқарушы органдардың, мемлекет нарық субъектілерінің қызметін реттеу | | |

| | | | |
|---|---|---|---|
| 13. | функцияларын берген ұйымдардың бәсекелестікке қарсы әрекеттері (әрекетсіздігі), жосықсыз бәсекелестік жағдайларды қоспағанда, жосықсыз және анық емес жарнаманы тарату | елеулі | |
| 14. | Бейәдеп және жасырын жарнаманы тарату | елеулі | |
| 15. | Қазақстан Республикасының конституциялық құрылысын күштеп өзгертуді, тұтастығын бұзуды, мемлекет қауіпсіздігіне нұқсан келтіруді, соғысты, әлеуметтік, нәсілдік, ұлттық, діни, тектік-топтық және рулық астамшылықты, қатыгездік пен зорлық-зомбылықтың дәріптелуін, порнографияны насихаттау немесе үгіттеу, сондай-ақ Қазақстан Республикасының мемлекеттік құпияларын және заңмен қорғалатын өзге де құпияларды құрайтын мәліметтерді тарату үшін жарнаманы пайдалану | елеулі | |
| 16. | Мемлекеттік органдар, жергілікті өзін-өзі басқару органдары, демеушілер, өмірлік қиын жағдайда жүрген немесе емделуге мұқтаж, өздеріне қайырымдылық көмек көрсетілу мақсатындағы жеке тұлғалар туралы айту, сондай-ақ әлеуметтік жарнамада, егер осы жарнаманың мазмұны қайырымдылық немесе өзге де қоғамдық пайдалы мақсаттарға қол жеткізуге бағытталған, әлеуметтік бағдарланған коммерциялық емес ұйымдардың қызметі туралы ақпаратпен тікелей байланысты болса, осындай коммерциялық емес ұйымдар туралы айту жағдайларды қоспағанда, дараландыру құралдары туралы, жеке және заңды тұлғалар туралы айтыла отырып, әлеуметтік жарнамаларды тарату | елеулі | |
| 17. | Басылымның тақырыптық бағытын көрсете отырып, жазылым бойынша мерзімді баспа басылымдарын тарату | болмашы | |
| | | | |

| | | | |
|---|---|---|---|
| 18. | Әлеуметтік жарнаманы және кәмелетке толмағандарға арналған тауарлардың (жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің), сондай-ақ кәмелетке толмағандардың физикалық, психикалық денсаулығы мен адамгершілігіне зиянды әсер етуге алып келмейтін тауарлардың ( жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің) жарнамасын қоспағанда, кәмелетке толмағандардың бейнелерін жарнамада көрнекі немесе дыбыстық пайдалануға | елеулі | |
| 19. | Қазақстан Республикасының аумағында мерзімді баспасөз басылымдарында (балалар мен діни басылымдарды қоспағанда) газеттердің бірінші және соңғы беттерінде; журналдардың, альманахтардың, бюллетеньдердің, оларға қосымшалардың беттерінде және мұқабаларында өндірілген тауар белгісінің және ( немесе) шараптың атауының жарнамасын тарату; салауатты өмір салтын насихаттау жөніндегі әлеуметтік жарнаманы сүйемелдеусіз, жарнаманың көлемі көлемі (кеңістігі) Қазақстан Республикасының аумағында өндірілген тауар таңбасы жарнамасының және ( немесе) шараптың атауының жарнамалық алаңының ( кеңістігінің) көлеміне тең | елеулі | |
| 20. | Мерзімді баспасөз басылымдарында Қазақстан Республикасының аумағында өндірілген тауар белгісінің және ( немесе) шараптың атауының жарнамасын тарату:<br>Шарапты жарнамалайтын еңбек қызметімен және көлік құралын басқарумен байланысты;<br>кәмелетке толмағандардың қатысуымен түсірілген (жазылған), оның ішінде мультипликацияның (анимацияның) көмегімен орындалған;<br>кәмелетке толмағандарға бағытталған; | өрескел | |

| | | |
|---|---|---|
| | шараптың емдік қасиеттері бар деп сендіретін, оны шамадан тыс тұтынуды көтермелейтін;<br>шарапты тұтынудан тартынуды айыптайтын;<br>шарапты тұтыну өзара қарым-қатынастарды нығайтуға ықпал етеді деп сендіретін Қазақстан Республикасының аумағында өндірілген шараптың тауар белгісінің және (немесе) атауының жарнамасын тарату | |
| 21. | Мерзімді баспасөз басылымдарының міндетті тегін даналарының электрондық-цифрлық нысандарын ұсынбау | болмашы |
| 22. | Осы саладағы қызметтерді жүзеге асыратын немесе Қазақстан Республикасында бұқаралық ақпарат құралдары меншік иесінің - заңды тұлғаның (үлес, пай) 20 пайыздан жоғары акциялар азаматтық емес тұлғаларда, шетелдік жеке және заңды тұлғаларда болуы | өрескел |

Қазақстан Республикасының
бұқаралық ақпарат құралдары
туралы заңнамасының сақталуына
тәуекел дәрежесін
бағалау өлшемшарттарына
2-қосымша

## Ақпараттық агенттіктердің, желілік басылымдардың және интернет-ресурстардың меншік иелерінің қызметіне қатысты бұқаралық ақпарат құралдары саласындағы субъектілерге қойылатын талаптардың бұзылу дәрежесі

| р/с № | Өлшемшарттар | Бұзушылық дәрежесі |
|---|---|---|
| 1. | Белгіленген шығарылым деректерінсіз мерзімді баспасөз басылымын шығару, ақпараттық агенттіктің немесе желілік басылымның хабарлары мен материалдарын тарату, өз атауын хабарламай, сол сияқты анық емес не көрінеу жалған шығарылым деректерімен шығуы | болмашы |
| | Меншік иесі не оның ұйымдық-құқықтық нысаны, атауы, сондай-ақ бұқаралық ақпарат құралының аты ауысқан, басылымның не хабар таратудың | |

| | | | |
|---|---|---|---|
| 2. | тілі, таралу аумағы, негізгі тақырыптық бағыты, шығарылу мерзімділігі өзгерген жағдайларда, қайта есепке қоймай, бұқаралық ақпарат құралының өнімін, ақпараттық агенттіктің және желілік басылымның хабарлары мен материалдарын шығару, дайындау, таралымын көбейту және (немесе) тарату | елеулі | |
| 3. | Этил спиртін және алкоголь өнімін, алкогольді сусындарды имитациялайтын өнімді жарнамалау | өрескел | |
| 4. | Темекі және темекі бұйымдарын, оның ішінде қыздырылатын темекісі бар бұйымдарды, қорқорға арналған темекіні, қорқор қоспасын, темекі қыздыруға арналған жүйелерді, тұтынудың электрондық жүйелерін және оларға арналған сұйықтықтарды жарнамалау | өрескел | |
| 5. | Электрондық казиноны және интернет-казиноны жарнамалау | өрескел | |
| 6. | Жұмысқа қабылдау үшін бос жұмыс орындары туралы еңбек саласындағы кемсітушілік сипаттағы талаптарды қамтитын ақпаратты орналастыру | өрескел | |
| 7. | Қаржылық (инвестициялық) пирамиданың қызметін жарнамалау | өрескел | |
| 8. | Бұқаралық ақпарат құралдарында немесе телекоммуникациялар желілерінде ата-анасы және өзге де заңды өкілдері туралы ақпаратты қоса алғанда, адамның дербес және биометриялық деректерін, соның ішінде құқыққа қарсы әрекеттер (әрекетсіздік) салдарынан зардап шеккен бала, әкімшілік және (немесе) қылмыстық құқық бұзушылықтарды жасады деп күдік келтірілген және (немесе) айып тағылған кәмелетке толмағандар туралы, олардың жеке басын анықтауға мүмкіндік беретін өзге де ақпаратты тарату | өрескел | |
| | Есепке қоймай не шығарылуын (эфирге шығуын) тоқтата тұру, | | |

| | | | |
|---|---|---|---|
| 9. | тоқтату немесе есепке қою туралы куәліктің күші жойылды деп тану туралы шешім шығарылғаннан кейін бұқаралық ақпарат құралдарының өнімін, ақпараттық агенттіктің және желілік басылымның хабарлары мен материалдарын тарату | өрескел | |
| 10. | Қазақстан Республикасының заңдарында тыйым салынған мәліметтерді қамтитын, интернет-ресурста пайдаланушылар орналастыратын ақпаратты қоса алғанда, оқырман хаттарын бұқаралық ақпарат құралдарында орналастыру ( қатыгездік пен зорлық-зомбылықты, әлеуметтік, нәсілдік, ұлттық, діни, тектік-топтық және рулық басымдықты насихаттау немесе үгіттеу, мемлекеттік құпияларды құрайтын мәліметтерді немесе заңмен қорғалатын өзге де құпияны жария ету, суицидті насихаттайтын, терроризмге қарсы операцияларды жүргізу кезеңінде олардың техникалық тәсілдері мен тактикасын ашатын ақпаратты тарату, есірткі, психотроптық заттарды, сол тектестер мен прекурсорларды насихаттау, порнографиялық және арнайы сексуалдық-эротикалық сипаттағы теле-, радиобағдарламаларды, теле-, радиоарналарды тарату, сондай-ақ кино және бейнеөнімдерін көрсету , бұқаралық ақпарат құралын сайлау алдындағы үгіт жүргізу, шетелдіктердің, азаматтығы жоқ адамдардың, шетелдік заңды тұлғалардың және халықаралық ұйымдардың кандидаттарды, партиялық тізімін ұсынған саяси партияларды ұсынуға және сайлауға, сайлауда белгілі бір нәтижеге қол жеткізуге кедергі болатын және (немесе) ықпал ететін қызметті жүзеге асыру шарттарын бұзу, үгітке тыйым салынған кезеңде оны жүргізу, ереуілге қатысуға немесе қатысудан бас тартуға мәжбүрлеу, | өрескел | |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | Қазақстан Республикасының бейбіт жиналыстарды, митингілерді, шерулерді, пикеттер мен демонстрацияларды ұйымдастыру және өткізу тәртібі туралы, Интернетте авторлық құқық және сабақтас құқықтар туралы заңнамасын бұзу мақсатында пайдалану) | | |
| 11. | Мемлекеттік, жергілікті атқарушы органдардың, мемлекет нарық субъектілерінің қызметін реттеу функцияларын берген ұйымдардың бәсекелестікке қарсы әрекеттері (әрекетсіздігі), жосықсыз бәсекелестік жағдайларды қоспағанда, жосықсыз және анық емес жарнаманы тарату | елеулі | |
| 12. | Бейәдеп және жасырын жарнаманы тарату | елеулі | |
| 13. | Қазақстан Республикасының конституциялық құрылысын күштеп өзгертуді, тұтастығын бұзуды, мемлекет қауіпсіздігіне нұқсан келтіруді, соғысты, әлеуметтік, нәсілдік, ұлттық, діни, тектік-топтық және рулық астамшылықты, қатыгездік пен зорлық-зомбылықтың дәріптелуін, порнографияны насихаттау немесе үгіттеу, сондай-ақ Қазақстан Республикасының мемлекеттік құпияларын және заңмен қорғалатын өзге де құпияларды құрайтын мәліметтерді тарату үшін жарнаманы пайдалану | елеулі | |
| 14. | Мемлекеттік органдар, жергілікті өзін-өзі басқару органдары, демеушілер, өмірлік қиын жағдайда жүрген немесе емделуге мұқтаж, өздеріне қайырымдылық көмек көрсетілу мақсатындағы жеке тұлғалар туралы айту, сондай-ақ әлеуметтік жарнамада, егер осы жарнаманың мазмұны қайырымдылық немесе өзге де қоғамдық пайдалы мақсаттарға қол жеткізуге бағытталған, әлеуметтік бағдарланған коммерциялық емес ұйымдардың қызметі туралы ақпаратпен тікелей байланысты болса, | елеулі | |

| | | |
|---|---|---|
| | осындай коммерциялық емес ұйымдар туралы айту жағдайларды қоспағанда, дараландыру құралдары туралы, жеке және заңды тұлғалар туралы айтыла отырып, әлеуметтік жарнамаларды тарату | |
| 15. | Әлеуметтік жарнаманы және кәмелетке толмағандарға арналған тауарлардың (жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің), сондай-ақ кәмелетке толмағандардың физикалық, психикалық денсаулығы мен адамгершілігіне зиянды әсер етуге алып келмейтін тауарлардың ( жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің) жарнамасын қоспағанда, кәмелетке толмағандардың бейнелерін жарнамада көрнекі немесе дыбыстық пайдалануға | елеулі |
| 16 | Осы саладағы қызметтерді жүзеге асыратын немесе Қазақстан Республикасында бұқаралық ақпарат құралдары меншік иесінің - заңды тұлғаның (үлес,пай) 20 пайыздан жоғары акциялар азаматтық емес тұлғаларда, шетелдік жеке және заңды тұлғаларда болуы | өрескел |
| 17 | Қазақстан Республикасы аумағында желілік басылымдар меншік иесінің ақпараттық-коммуникациялық инфрақұрылымының болуы | өрескел |

Қазақстан Республикасы
Ақпарат және
коммуникацияларминистрінің
2018 жылғы 9 қарашадағы
473 және Қазақстан
Республикасы
Ұлттық экономика министрінің
2018 жылғы 15 қарашадағы
№ 69 бірлескен бұйрығына
2-қосымша

## Мерзімді баспасөз басылымдарына қатысты Қазақстан Республикасының бұқаралық ақпарат құралдары туралы заңнамасының сақталуын тексеру парағы

Ескерту. 2-қосымша жаңа редакцияда - ҚР Ақпарат және қоғамдық даму министрінің 30.11.2022 № 529 және ҚР Ұлттық экономика министрінің 01.12.2022 № 112 (01.01.2023 бастап қолданысқа енгізіледі) бірлескен бұйрығымен.

Тексеруді/бақылау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылауды тағайындаған мемлекеттік орган

____________________________________________________________________________

____________________________________________________________________________

Тексеруді/бақылау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылауды
тағайындау туралы акт ________________________________

____________________________________________________________________________

№, күні

Бақылау субъектісінің (объектісінің) атауы _____________________________________

____________________________________________________________________________

____________________________________________________________________________

(Бақылау субъектісінің (объектісінің) (жеке сәйкестендіру нөмірі), бизнес-сәйкестендіру
нөмірі ______________________________________________________________________

Орналасқан жерінің мекенжайы _______________________________________________

____________________________________________________________________________

| № р/с | Талаптар тізбесі | Талаптарға сәйкес келеді | Талаптарға сәйкес келмейді |
|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 |
| 1. | Белгіленген шығарылым деректерінсіз мерзімді баспасөз басылымын шығару, ақпараттық агенттіктің немесе желілік басылымның хабарлары мен материалдарын тарату, өз атауын хабарламай, сол сияқты анық емес не көрінеу жалған | | |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | шығарылым деректерімен шығуы | | |
| 2. | Мерзімді баспасөз басылымдарындағы жарнама бұқаралық ақпарат құралын есепке алу туралы куәлікте бекітілмеген тілде таратылуы | | |
| 3. | Меншік иесі не оның ұйымдық-құқықтық нысаны, атауы, сондай-ақ бұқаралық ақпарат құралының аты ауысқан, басылымның не хабар таратудың тілі, таралу аумағы, негізгі тақырыптық бағыты, шығарылу мерзімділігі өзгерген жағдайларда, қайта есепке қоймай, бұқаралық ақпарат құралының өнімін, ақпараттық агенттіктің және желілік басылымның хабарлары мен материалдарын шығару, дайындау, таралымын көбейту және (немесе) тарату | | |
| 4. | Интернет желісі арқылы таратылатын ақпараттық өнімді қоспағанда, балаларға тыйым салынған ақпаратты қамтитын ақпараттық өнімді кәмелетке толмағандарға тарату | | |
| 5. | Этил спиртін және алкоголь өнімін, алкогольді сусындарды имитациялайтын өнімді жарнамалау | | |
| 6. | Темекі және темекі бұйымдарын, оның ішінде қыздырылатын темекісі бар бұйымдарды, қорқорға арналған темекіні, қорқор қоспасын, темекі қыздыруға арналған жүйелерді, тұтынудың электрондық жүйелерін | | |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | және оларға арналған сұйықтықтарды жарнамалау | | |
| 7. | Электрондық казиноны және интернет-казиноны жарнамалау | | |
| 8. | Жұмысқа қабылдау үшін бос жұмыс орындары туралы еңбек саласындағы кемсітушілік сипаттағы талаптарды қамтитын ақпаратты орналастыру | | |
| 9. | Қаржылық ( инвестициялық) пирамиданың қызметін жарнамалау | | |
| 10. | Бұқаралық ақпарат құралдарында немесе телекоммуникациялар желілерінде ата-анасы және өзге де заңды өкілдері туралы ақпаратты қоса алғанда, адамның дербес және биометриялық деректерін , соның ішінде құқыққа қарсы әрекеттер ( әрекетсіздік) салдарынан зардап шеккен бала, әкімшілік және (немесе) қылмыстық құқық бұзушылықтарды жасады деп күдік келтірілген және (немесе) айып тағылған кәмелетке толмағандар туралы, олардың жеке басын анықтауға мүмкіндік беретін өзге де ақпаратты тарату | | |
| 11. | Есепке қоймай не шығарылуын (эфирге шығуын) тоқтата тұру, тоқтату немесе есепке қою туралы куәліктің күші жойылды деп тану туралы шешім шығарылғаннан кейін бұқаралық ақпарат құралдарының өнімін, ақпараттық агенттіктің және желілік | | |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | басылымның хабарлары мен материалдарын тарату | | |
| 12. | Қазақстан Республикасының заңдарында тыйым салынған мәліметтерді қамтитын, интернет-ресурста пайдаланушылар орналастыратын ақпаратты қоса алғанда, оқырман хаттарын бұқаралық ақпарат құралдарында орналастыру (қатыгездік пен зорлық-зомбылықты, әлеуметтік, нәсілдік, ұлттық, діни, тектік-топтық және рулық басымдықты насихаттау немесе үгіттеу, мемлекеттік құпияларды құрайтын мәліметтерді немесе заңмен қорғалатын өзге де құпияны жария ету, суицидті насихаттайтын, терроризмге қарсы операцияларды жүргізу кезеңінде олардың техникалық тәсілдері мен тактикасын ашатын ақпаратты тарату, есірткі, психотроптық заттарды, сол тектестер мен прекурсорларды насихаттау, порнографиялық және арнайы сексуалдық-эротикалық сипаттағы теле-, радиобағдарламаларды, теле-, радиоарналарды тарату, сондай-ақ кино және бейнеөнімдерін көрсету, бұқаралық ақпарат құралын сайлау алдындағы үгіт жүргізу, шетелдіктердің, азаматтығы жоқ адамдардың, шетелдік заңды тұлғалардың және халықаралық | | |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | ұйымдардың кандидаттарды, партиялық тізімін ұсынған саяси партияларды ұсынуға және сайлауға, сайлауда белгілі бір нәтижеге қол жеткізуге кедергі болатын және (немесе) ықпал ететін қызметті жүзеге асыру шарттарын бұзу, үгітке тыйым салынған кезеңде оны жүргізу, ереуілге қатысуға немесе қатысудан бас тартуға мәжбүрлеу, Қазақстан Республикасының бейбіт жиналыстарды, митингілерді, шерулерді, пикеттер мен демонстрацияларды ұйымдастыру және өткізу тәртібі туралы, Интернетте авторлық құқық және сабақтас құқықтар туралы заңнамасын бұзу мақсатында пайдалану) | | |
| 13. | Мемлекеттік, жергілікті атқарушы органдардың, мемлекет нарық субъектілерінің қызметін реттеу функцияларын берген ұйымдардың бәсекелестікке қарсы әрекеттері (әрекетсіздігі), жосықсыз бәсекелестік жағдайларды қоспағанда, жосықсыз және анық емес жарнаманы тарату | | |
| 14. | Бейәдеп және жасырын жарнаманы тарату | | |
| | Қазақстан Республикасының конституциялық құрылысын күштеп өзгертуді, тұтастығын бұзуды, мемлекет қауіпсіздігіне нұқсан келтіруді, соғысты, әлеуметтік, нәсілдік, ұлттық, діни, | | |

| | | | |
|---|---|---|---|
| 15. | тектік-топтық және рулық астамшылықты, қатыгездік пен зорлық-зомбылықтың дәріптелуін, порнографияны насихаттау немесе үгіттеу, сондай-ақ Қазақстан Республикасының мемлекеттік құпияларын және заңмен қорғалатын өзге де құпияларды құрайтын мәліметтерді тарату үшін жарнаманы пайдалану | | |
| 16. | Мемлекеттік органдар, жергілікті өзін-өзі басқару органдары, демеушілер, өмірлік қиын жағдайда жүрген немесе емделуге мұқтаж, өздеріне қайырымдылық көмек көрсетілу мақсатындағы жеке тұлғалар туралы айту, сондай-ақ әлеуметтік жарнамада, егер осы жарнаманың мазмұны қайырымдылық немесе өзге де қоғамдық пайдалы мақсаттарға қол жеткізуге бағытталған, әлеуметтік бағдарланған коммерциялық емес ұйымдардың қызметі туралы ақпаратпен тікелей байланысты болса, осындай коммерциялық емес ұйымдар туралы айту жағдайларды қоспағанда, дараландыру құралдары туралы, жеке және заңды тұлғалар туралы айтыла отырып, әлеуметтік жарнамаларды тарату | | |
| 17. | Басылымның тақырыптық бағытын көрсете отырып, жазылым бойынша мерзімді баспа басылымдарын тарату | | |
| | | | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| 18. | Әлеуметтік жарнаманы және кәмелетке толмағандарға арналған тауарлардың (жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің), сондай-ақ кәмелетке толмағандардың физикалық, психикалық денсаулығы мен адамгершілігіне зиянды әсер етуге алып келмейтін тауарлардың (жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің) жарнамасын қоспағанда, кәмелетке толмағандардың бейнелерін жарнамада көрнекі немесе дыбыстық пайдалануға | | | |
| 19. | Қазақстан Республикасының аумағында мерзімді баспасөз басылымдарында (балалар мен діни басылымдарды қоспағанда) газеттердің бірінші және соңғы беттерінде; журналдардың, альманахтардың, бюллетеньдердің, оларға қосымшалардың беттерінде және мұқабаларында өндірілген тауар белгісінің және (немесе) шараптың атауының жарнамасын тарату; салауатты өмір салтын насихаттау жөніндегі әлеуметтік жарнаманы сүйемелдеусіз, жарнаманың көлемі (кеңістігі) Қазақстан Республикасының аумағында өндірілген тауар таңбасы жарнамасының және (немесе) шараптың | | | |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | атауының жарнамалық алаңының (кеңістігінің) көлеміне тең | | |
| 20. | Мерзімді баспасөз басылымдарында Қазақстан Республикасының аумағында өндірілген тауар белгісінің және (немесе) шараптың атауының жарнамасын тарату: құрамында шарап жарнамасы бар; еңбек қызметімен және көлік құралын басқарумен байланысты;<br>кәмелетке толмағандардың қатысуымен түсірілген, оның ішінде мультипликацияның (анимацияның) көмегімен орындалған;<br>кәмелетке толмағандарға бағытталған;<br>шараптың емдік қасиеттері бар деп сендіретін, оны шамадан тыс тұтынуды көтермелейтін;<br>шарапты тұтынудан тартынуды айыптайтын;<br>шарапты тұтыну өзара қарым-қатынастарды нығайтуға ықпал етеді деп сендіретін Қазақстан Республикасының аумағында өндірілген шараптың тауар белгісінің және (немесе) атауының жарнамасын тарату | | |
| 21. | Мерзімді баспасөз басылымдарының міндетті тегін даналарының электрондық-цифрлық нысандарын ұсынбау | | |
| | Шетелдік жеке және заңды тұлғаларда, азаматтығы жоқ адамдарда Қазақстан Республикасында | | |

| | | | |
|---|---|---|---|
| 22. | бұқаралық ақпарат құралының меншік иесі немесе осы салада қызметін жүзеге асыратын заңды тұлға акцияларының ( үлестерінің, пайларының) 20 пайыздан астамының болуы | | |

Лауазымды адам (адамдар) ___________________________________

________________________________________________________________

лауазымы қолы

________________________________________________________________

тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда)

Бақылау субъектісінің (объектісінің) басшысы ___________________

_______________________________________________________________

лауазымы қолы

_______________________________________________________________

______________________________________________________________

тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда)

Қазақстан Республикасы
Ақпарат және коммуникациялар
министрінің
2018 жылғы 9 қарашадағы
№ 473 және
Қазақстан Республикасы
Ұлттық экономика министрінің
2018 жылғы 15 қарашадағы
№ 69 бірлескен бұйрығына
3-қосымша

**Ақпараттық агенттіктерге, желілік басылымдарға және интернет- ресурстарға қатысты Қазақстан Республикасының бұқаралық ақпарат құралдары туралы заңнамасының сақталуын тексеру парағы**

Ескерту. 3-қосымша жаңа редакцияда - ҚР Ақпарат және қоғамдық даму министрінің 30.11.2022 № 529 және ҚР Ұлттық экономика министрінің 01.12.2022 № 112 (01.01.2023 бастап қолданысқа енгізіледі) бірлескен бұйрығымен.

Тексеруді/бақылау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылауды
тағайындаған мемлекеттік орган

___________________________________________________________________________
__

___________________________________________________________________________
__

Тексеруді/бақылау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылауды
тағайындау туралы акт _______________________________
_____________________________________________________________________________
_____________________________________________________________________________
№, күні
Бақылау субъектісінің (объектісінің) атауы ____________________________________
_____________________________________________________________________________
_____________________________________________________________________________
(Бақылау субъектісінің (объектісінің) (жеке сәйкестендіру нөмірі),бизнес-сәйкестендіру нөмірі_____________________________________________________________________
Орналасқан жерінің мекенжайы ____________________________________________
_____________________________________________________________________________

| № | Талаптар тізбесі | Талаптарға сәйкес келеді | Талаптарға сәйкес келмейді |
|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 |
| 1. | Белгіленген шығарылым деректерінсіз мерзімді баспасөз басылымын шығару, ақпараттық агенттіктің немесе желілік басылымның хабарлары мен материалдарын тарату, өз атауын хабарламай, сол сияқты анық емес не көрінеу жалған шығарылым деректерімен шығуы | | |
| | Меншік иесі не оның ұйымдық-құқықтық нысаны, атауы, сондай-ақ бұқаралық ақпарат құралының аты ауысқан, басылымның не хабар таратудың тілі, таралу аумағы, негізгі тақырыптық бағыты, шығарылу мерзімділігі өзгерген жағдайларда, | | |

| | | | |
|---|---|---|---|
| 2. | қайта есепке қоймай, бұқаралық ақпарат құралының өнімін, ақпараттық агенттіктің және желілік басылымның хабарлары мен материалдарын шығару, дайындау, таралымын көбейту және (немесе) тарату | | |
| 3. | Этил спиртін және алкоголь өнімін, алкогольді сусындарды имитациялайтын өнімді жарнамалау | | |
| 4. | Темекі және темекі бұйымдарын, оның ішінде қыздырылатын темекісі бар бұйымдарды, қорқорға арналған темекіні, қорқор қоспасын, темекі қыздыруға арналған жүйелерді, тұтынудың электрондық жүйелерін және оларға арналған сұйықтықтарды жарнамалау | | |
| 5. | Электрондық казиноны және интернет-казиноны жарнамалау | | |
| 6. | Жұмысқа қабылдау үшін бос жұмыс орындары туралы еңбек саласындағы кемсітушілік сипаттағы талаптарды қамтитын ақпаратты орналастыру | | |
| 7. | Қаржылық (инвестициялық) пирамиданың қызметін жарнамалау | | |
| | Бұқаралық ақпарат құралдарында немесе телекоммуникациялар желілерінде ата-анасы және өзге де заңды өкілдері туралы ақпаратты қоса алғанда, адамның дербес және биометриялық деректерін, соның ішінде құқыққа | | |

| | | | |
|---|---|---|---|
| 8. | қарсы әрекеттер ( әрекетсіздік) салдарынан зардап шеккен бала, әкімшілік және (немесе) қылмыстық құқық бұзушылықтарды жасады деп күдік келтірілген және (немесе) айып тағылған кәмелетке толмағандар туралы, олардың жеке басын анықтауға мүмкіндік беретін өзге де ақпаратты тарату | | |
| 9. | Есепке қоймай не шығарылуын (эфирге шығуын) тоқтата тұру, тоқтату немесе есепке қою туралы куәліктің күші жойылды деп тану туралы шешім шығарылғаннан кейін бұқаралық ақпарат құралдарының өнімін, ақпараттық агенттіктің және желілік басылымның хабарлары мен материалдарын тарату | | |
| | Қазақстан Республикасының заңдарында тыйым салынған мәліметтерді қамтитын, интернет-ресурста пайдаланушылар орналастыратын ақпаратты қоса алғанда, оқырман хаттарын бұқаралық ақпарат құралдарында орналастыру (қатыгездік пен зорлық-зомбылықты, әлеуметтік, нәсілдік, ұлттық, діни, тектік-топтық және рулық басымдықты насихаттау немесе үгіттеу, мемлекеттік құпияларды құрайтын мәліметтерді немесе заңмен қорғалатын өзге де құпияны жария ету, суицидті насихаттайтын, | | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| 10. | терроризмге қарсы операцияларды жүргізу кезеңінде олардың техникалық тәсілдері мен тактикасын ашатын ақпаратты тарату, есірткі, психотроптық заттарды, сол тектестер мен прекурсорларды насихаттау, порнографиялық және арнайы сексуалдық-эротикалық сипаттағы теле-, радиобағдарламаларды, теле-, радиоарналарды тарату, сондай-ақ кино және бейнеөнімдерін көрсету, бұқаралық ақпарат құралын сайлау алдындағы үгіт жүргізу, шетелдіктердің, азаматтығы жоқ адамдардың, шетелдік заңды тұлғалардың және халықаралық ұйымдардың кандидаттарды, партиялық тізімін ұсынған саяси партияларды ұсынуға және сайлауға, сайлауда белгілі бір нәтижеге қол жеткізуге кедергі болатын және (немесе) ықпал ететін қызметті жүзеге асыру шарттарын бұзу, үгітке тыйым салынған кезеңде оны жүргізу, ереуілге қатысуға немесе қатысудан бас тартуға мәжбүрлеу, Қазақстан Республикасының бейбіт жиналыстарды, митингілерді, шерулерді, пикеттер мен демонстрацияларды ұйымдастыру және өткізу тәртібі туралы, Интернетте авторлық құқық және сабақтас құқықтар туралы | | | |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | заңнамасын бұзу мақсатында пайдалану) | | |
| 11. | Мемлекеттік, жергілікті атқарушы органдардың, мемлекет нарық субъектілерінің қызметін реттеу функцияларын берген ұйымдардың бәсекелестікке қарсы әрекеттері (әрекетсіздігі), жосықсыз бәсекелестік жағдайларды қоспағанда, жосықсыз және анық емес жарнаманы тарату | | |
| 12. | Бейәдеп және жасырын жарнаманы тарату | | |
| 13. | Қазақстан Республикасының конституциялық құрылысын күштеп өзгертуді, тұтастығын бұзуды, мемлекет қауіпсіздігіне нұқсан келтіруді, соғысты, әлеуметтік, нәсілдік, ұлттық, діни, тектік-топтық және рулық астамшылықты, қатыгездік пен зорлық-зомбылықтың дәріптелуін, порнографияны насихаттау немесе үгіттеу, сондай-ақ Қазақстан Республикасының мемлекеттік құпияларын және заңмен қорғалатын өзге де құпияларды құрайтын мәліметтерді тарату үшін жарнаманы пайдалану | елеулі | |
| | Мемлекеттік органдар, жергілікті өзін-өзі басқару органдары, демеушілер, өмірлік қиын жағдайда жүрген немесе емделуге мұқтаж, өздеріне қайырымдылық көмек көрсетілу мақсатындағы жеке тұлғалар туралы айту, сондай-ақ әлеуметтік | | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| 14. | жарнамада, егер осы жарнаманың мазмұны қайырымдылық немесе өзге де қоғамдық пайдалы мақсаттарға қол жеткізуге бағытталған, әлеуметтік бағдарланған коммерциялық емес ұйымдардың қызметі туралы ақпаратпен тікелей байланысты болса, осындай коммерциялық емес ұйымдар туралы айту жағдайларды қоспағанда, дараландыру құралдары туралы, жеке және заңды тұлғалар туралы айтыла отырып, әлеуметтік жарнамаларды тарату | | | |
| 15. | Әлеуметтік жарнаманы және кәмелетке толмағандарға арналған тауарлардың (жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің), сондай-ақ кәмелетке толмағандардың физикалық, психикалық денсаулығы мен адамгершілігіне зиянды әсер етуге алып келмейтін тауарлардың (жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің) жарнамасын қоспағанда, кәмелетке толмағандардың бейнелерін жарнамада көрнекі немесе дыбыстық пайдалануға | | | |
| 16. | Шетелдік жеке және заңды тұлғаларда, азаматтығы жоқ адамдарда Қазақстан Республикасында бұқаралық ақпарат құралының меншік иесі немесе осы салада қызметін жүзеге асыратын заңды тұлға акцияларының ( | | | |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | үлестерінің, пайларының) 20 пайыздан астамының болуы | | |
| 17. | Желілік басылымның меншік иесінің ақпараттық-коммуникациялық инфрақұрылымының Қазақстан Республикасынан тыс жерде болуы | | |

Лауазымды адам (адамдар) ________________________________________

______________________________________________________________________

лауазымы қолы

______________________________________________________________________

тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда)

Бақылау субъектісінің (объектісінің) басшысы _________________________

______________________________________________________________________

лауазымы қолы

______________________________________________________________________

______________________________________________________________________

тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда)

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК